ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТІРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

Алметова Еркемай Максатовна

# «Қазақ тілінде диалогтық негізде жұмыс істейтін smart колонка жүйесін жасау»

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

6В06201 «Телекоммуникация» білім беру бағдарламасы

Алматы 2025 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**
Кафедра меңгерушісі
техника ғылымдарының кандидаты
_____ Е. Таштай
«20» ____05____ 2025 ж.

# ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Қазақ тілінде диалогтық негізде жұмыс істейтін smart колонка жүйесін жасау»

6В06201 – «Телекоммуникация»

Орындаған: Алметова Е.М.

Пікір
Пікір беруші
М.Тынышбаев атындағы ALT университеті, PhD, «АКТ» кафедрасының ассистент профессоры
_____Мәдібайұлы Ж.
«20» ____05____ 2025 ж.

Ғылыми жетекші
ҚазҰТЗУ, т.ғ.м., Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасының аға оқытушысы
_____ Марксұлы С.
«20» ____05____ 2025 ж.

Алматы 2025 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

6В06201 Телекоммуникация

**БЕКІТЕМІН**
Кафедра меңгерушісі
_____Е. Таштай
«31» ____01____2025 ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға**
**ТАПСЫРМА**

Білім алушы *Алметова Еркемай Максатовна*

Тақырыбы *«Қазақ тілінде диалогтық негізде жұмыс істейтін smart колонка жүйесін жасау»*

Университет ректорының *«29» қаңтар 2025 ж. №26 П/Ө бұйрығымен бекітілген.*

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі *«30» сәуір 2025 ж.*

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: *1) Аппараттық негіз: Raspberry Pi немесе Arduino платформасы. 2) Дыбыстық процессор: Миниатюрлі динамик және микрофон модулі (ReSpeaker 2-Mics Pi HAT). 3) Дауысты тану және синтез үшін Google Speech-to-Text API немесе CMU Sphinx. 4) Дауысты басқару Python негізінде арнайы жазылған бағдарламалық модульдер. 5) Энергиямен жабдықтау: Литий-ионды аккумулятор немесе тұрақты 5В қуат көзі.*

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі: *а) Smart колонка жүйесінің қазіргі жағдайы мен даму бағыттарын зерттеу. б) Қазақ тілінде диалогтық интерфейс құрудың ерекшеліктері мен қиындықтарын талдау. в) Дауысты тану және синтездеу алгоритмдерін зерттеу және енгізу. г) Пайдаланушы сұраныстарын өңдеу және жауап қайтару алгоритмін әзірлеу. д) Smart колонкаға арналған аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді жобалау. е) Жүйені тестілеу және пайдаланушылармен тәжірибеден өткізу.*

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 1) *Russel, S., & Norvig, P. (2010). Artificial Intelligence: A Modern Approach. Pearson Education. ISBN: 978-0136042594. 2) Jurafsky, D., & Martin, J. H. (2023). Speech and Language Processing. Pearson Education. ISBN: 978-0131873216. 3) Monk, S. (2022). Programming the Raspberry Pi: Getting Started with Python. McGraw-Hill Education. ISBN: 978-*

*1264257352. 4) Виллен М. "IoT-программирование. Создание приложений для интернета вещей." ISBN: 978-5-4461-1477-6. 5) Официальная документация Google Cloud Speech-to-Text API.*

дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау

**КЕСТЕСІ**

| Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі | Ғылыми жетекшіге және кеңесшілерге көрсету мерзімі | Ескерту |
|---|---|---|
| Диплом жұмысының тақырыбын талдау | 04.01.2025 - 01.02.2025 | орындалды |
| Теориялық ақпарат | 01.02.2025 - 01.03.2025 | орындалды |
| Жабдықтар жұмысының есебі және жұмысты рәсімдеу | 01.03.2025 - 30.05.2025 | орындалды |

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа(жобаға) қойған

**қолтанбалары**

| Бөлімдер атауы | Кеңесшілер (аты, әкесінің аты, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы) | Қол қойылған күні | Қолы |
|---|---|---|---|
| Диплом жұмысының тақырыбын талдау | Марксұлы С. ЭТжҒТ каф.аға оқытушысы, т.ғ.м. | 13.06. 2025 | |
| Теориялық ақпарат | Марксұлы С. ЭТжҒТ каф.аға оқытушысы, т.ғ.м. | 29.04. 2025 | |
| Норма бақылау | Досбаев Ж.М. ЭТжҒТ каф.аға оқытушысы, PhD | 19.05. 2025 | |

Ғылыми жетекшісі Марксұлы С.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы Алметова Е.М.

Күні «02» ақпан 2025 ж.

## АҢДАТПА

Бұл дипломдық жұмыста қазақ тілінде диалогтық негізде жұмыс істейтін смарт колонка жүйесін жасау қарастырылды. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы барысында жасанды интеллект және табиғи тілдерді өңдеу технологиялары кеңінен қолданылып, смарт құрылғылардың қызметі күрделеніп келеді. Қазақ тілінде жұмыс істейтін дауыстық ассистенттердің тапшылығы мен тілдің морфологиялық ерекшеліктері жобаның өзектілігін арттырды. Жұмыста смарт колонкалардың құрылымы, функциялары, қазақ тіліне бейімделген дауысты тану және табиғи тілдерді өңдеу алгоритмдері зерттеліп, қазақ тілінде жоғары сапалы дауыстық көмекші жасауға бағытталған жүйе әзірленді. Жүйенің техникалық сипаттамалары мен архитектурасы ұсынылып, тәжірибелік тестілеу нәтижелері келтірілді. Бұл жоба қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі қолжетімділігін арттыруға және ақылды үй экожүйесін дамытуға үлес қосады.



## АННОТАЦИЯ

В данной дипломной работе рассматривается разработка системы смарт-колонки, работающей на казахском языке на основе диалогового взаимодействия. В условиях стремительного развития информационных технологий искусственный интеллект и технологии обработки естественного языка все активнее применяются для создания сложных смарт-устройств. Недостаток голосовых ассистентов, работающих на казахском языке, а также морфологические особенности языка определили актуальность проекта. В работе изучены структура и функции смарт-колонок, алгоритмы распознавания речи и обработки естественного языка, адаптированные под казахский язык. Представлены технические характеристики и архитектура системы, а также результаты экспериментального тестирования. Проект способствует расширению цифровой доступности казахского языка и развитию умной домашней экосистемы.



## ABSTRACT

This thesis focuses on the development of a smart speaker system operating in the Kazakh language based on dialogue interaction. With the rapid advancement of information technologies, artificial intelligence and natural language processing (NLP) technologies are increasingly utilized to create sophisticated smart devices. The scarcity of voice assistants supporting the Kazakh language, coupled with its unique morphological features, underscores the importance of this project. The study examines the structure and functions of smart speakers, speech recognition algorithms, and natural language processing methods adapted for Kazakh. A high-quality Kazakh-language voice assistant system was developed.

# МАЗМҰНЫ

# КІРІСПЕ

Ақпараттық технологиялардың үдемелі дамуы қазіргі қоғамның ажырамас бөлігіне айналып, жасанды интеллект (AI) және заттар интернеті (IoT) секілді заманауи шешімдер адамның күнделікті өмірін түбегейлі өзгертіп жатыр. Осындай технологиялардың бірі – смарт колонкалар, олар тек музыка ойнау, ауа райы туралы ақпарат беру немесе үй құрылғыларын басқару сияқты қарапайым қызметтерді ғана емес, күрделі диалогтар жүргізу, мәтіндерді талдау және нақты уақыттағы ақпаратты өңдеу мүмкіндіктерін де ұсынады. Смарт құрылғылардың танымалдығы өсіп келе жатқан қазіргі кезеңде қазақ тілінде жұмыс істейтін диалогтық негіздегі смарт колонка жүйесін әзірлеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Осы дипломдық жұмыстың негізгі мақсаты – қазақ тілінде жұмыс істейтін смарт колонка жүйесін жасау. Бұл жоба қазақ тілінде сөйлейтін пайдаланушыларға жоғары сапалы дауыстық көмекші ұсыну арқылы ақпаратқа қол жеткізу және ақылды үй құрылғыларын басқару мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Сонымен қатар, бұл жоба қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі орнын нығайтып, оның қолжетімділігін арттыруды көздейді.

Жобаның негізгі міндеттері мыналардан тұрады: ақылды үй экожүйесіндегі смарт колонкалардың құрылымдары мен функцияларын зерттеу, қазақ тілінде жұмыс істейтін диалогтық жүйе құрудың ерекшеліктерін талдау, дауысты тану және табиғи тілдерді өңдеу (NLP) технологияларын зерттеу, қазақ тіліне бейімделген диалогтық алгоритмдерді әзірлеу, жүйенің техникалық сипаттамалары мен архитектурасын құру, сондай-ақ жобаланған жүйені тестілеу және пайдаланушылармен тәжірибеден өткізу.

Бұл жобаның өзектілігі жоғары. Қазіргі таңда қазақ тілді пайдаланушылар үшін заманауи смарт құрылғылардың қолжетімділігі шектеулі. Көптеген халықаралық смарт құрылғылар ағылшын, қытай және испан сияқты кең таралған тілдерге бейімделген, ал қазақ тілі сияқты өзіндік морфологиялық және фонетикалық ерекшеліктері бар тілдер жиі назардан тыс қалады. Бұл қазақ тілінде жұмыс істейтін дауыстық көмекшілерді әзірлеудің қажеттілігін арттырады. Қазақ тілі – қыпшақ тобына жататын түркі тілдерінің бірі және оны 16 миллионнан астам адам қолданады. Сондықтан қазақ тілінде жұмыс істейтін смарт колонка жүйесін әзірлеу тілдік қолжетімділік пен мәдени инклюзияны қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам болып табылады.

## 1 Смарт колонкалар және қазақ тіліндегі дыбыстық ассистенттерді дамытуға шолу

### 1.1 Ақылды үй экожүйесіндегі смарт колонкалардың құрылымы мен функцияларына шолу

Қазіргі таңда технологиялар қарқынды даму үстінде, оның айқын бір себебі жасанды интеллект арқылы смарт колонканы басқару. Смарт колонка - дауыстық командаларды орындауға, сұрақтарға жауап беруге және жасанды интеллект арқылы басқаруға қабілетті.

Ақылды колонка жүйесінің негізгі бөлігі – сөйлеуді тану технологиясы, ол құрылғыға айтылған командаларды түсініп, оларға жауап беруге мүмкіндік береді. Жасанды интеллект-тілдерді өңдеу және заттар интернеті IoT саласындағы жетістіктерді ескерсек соңғы жылдары ақылды динамик жүйелерінің дамуын жеделдетті. Бұл жүйелер пайдаланушыларға дауыстық командалар арқылы әртүрлі функцияларды басқаруға мүмкіндік беретіндіктен, адам мен компьютер арасындағы өзара әрекеттесу тәсілін түбегейлі өзгертіп жатыр. Алайда, қазіргі нарықтағы смарт құрылғыларының шешімдерінің көпшілігі негізінен кең таралған тілдерге бағытталған, сондықтан жергілікті тілдер мен әртүрлі тілдік ерекшеліктерге бейімделген қосымшаларда ақаулықтар бар. Қазақ тілінде сөйлейтін тұтынушылар үшін диалогқа негізделген архитектурасы бар. Сондай-ақ қазақ тілін толық меңгерген смарт құрылғының жүйесін жасау күнделікті өмірге қолжетімді [1].

Ақылды үй технологияларының дамуына байланысты дауыспен басқарылатын көмекшілер мен ақылды динамиктер күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Алайда, бұл жүйелердің көпшілігі ағылшын, қытай және испан сияқты кең таралған тілдерге бағытталған, ал қазақ тілі сияқты өзіндік фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктері бар тілдер жиі назардан тыс қалады. Осы ақаулықты жою үшін қазақ тілін тиімді әрі табиғи түрде түсініп, өңдеп, дыбыстай алатын ақылды динамик жүйесін жасау қажет [2].

Қазақ тілі – қыпшақ тобына жататын түркі тілдерінің бірі және оны 16 миллионнан астам адам қолданады. Бұл агглютинативті тілге тән негізгі ерекшеліктердің бірі – үндестік заңы және грамматикалық, синтаксистік құрылымдарды құрудағы жалғау жүйесіне тәуелділік. Табиғи тілдерді өңдеу NLP (Natural Language Processing) үлгілері үшін бұл ерекшеліктер үлкен қиындықтар тудырады, әсіресе алдын ала белгіленген фонетикалық құрылымдар мен грамматикалық ережелерге сүйенетін жүйелер үшін.

Ағылшын тілінде мағына негізінен сөз тәртібі арқылы анықталса, қазақ тілінде морфемалар мен жалғаулар маңызды рөл атқарады, бұл дәлме-дәл сөйлеу синтезі мен тану үшін күрделі морфологиялық талдауды қажет етеді [2]. Пайдаланушылар құрылғының қазақ тілінде жаңалықтар, навигация және ауа райы болжамын ұсынып, ақылды үй құрылғыларын басқара алатынын күтеді. Бұл үшін аймақтық қызмет көрсетушілермен ынтымақтаса отырып, бар

жүйелермен үйлесетін API (Application Programming Interface) интерфейстерін әзірлеу қажет [3]. Ақылды үй құрылғылары мен дауыстық көмекшілердің әлемде кең таралуына байланысты қазақ тілінде сөйлейтін ақылды колонкаға деген қажеттілік артып келеді. Мұндай жүйенің басты мақсаты – қолданушыларға шет тілін білмей-ақ сұрақ қоюға, жауап алуға, ақылды үй құрылғыларын басқаруға және әртүрлі цифрлық қызметтерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін ыңғайлы құрылғы [4]. Ақылды үйді қәзіргі уақытта дауыспен басқару әлдеқайда ыңғайлы және соның айқын көрінісі 1.1-суретте бейнеленген.




1.1-сурет – Ақылды үйдің артықшылығы [5]

Қазақ тілді қолданушылар үшін жасанды интеллектті қолжетімді ету – қазақ тілінде сөйлейтін, диалогқа негізделген ақылды колонка жүйесін жасауға бағытталған үлкен қадам. Соңғы жылдары Apple Siri, Google Assistant және Amazon Alexa сияқты технологиялық алпауыттар басқаратын ақылды колонкалар айтарлықтай дамып келе жатыр. Дегенмен, қазақ тілін түсініп, жауап бере алатын ақылды колонкалар әлі де аз. Бұл нарықтық бос орын қазақ тілінде табиғи және тиімді сөйлесуді өңдейтін, жергілікті қолданушыларға бейімделген AI-көмекшісін жасау мүмкіндігін ұсынады.

Қазақ тілінде сөйлейтін ақылды колонканы жасаудағы негізгі қиындықтардың бірі – сенімді диалог жүйесін қалыптастыру. Коммерциялық ақылды колонкалардың көпшілігі кең таралған тілдерге, әсіресе ағылшын тіліне бейімделген кең көлемді табиғи тіл өңдеу NLP модельдеріне негізделген. Алайда, қазақ тіліндегі деректер қорының тапшылығына байланысты, бұл тілге ерекше тәсіл қажет. Қазіргі көп тарапты диалогтық жүйелерде күрделі диалог үлгілерін модельдеу үшін графтық нейрондық желілер жиі қолданылады. Бірақ бұл әдістер қазақ тіліне арналған көмекші құру үшін аса тиімді болмауы мүмкін, себебі олар жоғары есептеу қуатын қажет етеді және үлкен деректер жиынтығына тәуелді.

Диалогтық жауап қалыптастыруды жақсарту үшін контрастивті оқыту әдістерін қолдану – баламалы шешім бола алады. Контрастивті оқыту ауқымды белгіленген деректер жиынтығына тәуелді болмай, спикерлер мен диалогтық контексттерді ажыратуға көмектеседі. Бір әңгіме аясында әртүрлі спикерлердің айтқан сөздерін ажыратуға модельді үйрету арқылы, табиғи диалогты тиімді басқаратын спикерге бағытталған жүйе жасауға болады. Бұл әдіс көп тарапты диалогтарды модельдеу кезінде жауаптардың маңыздылығы мен сәйкестігін жақсартуға оң ықпал етеді [6].

Сөйлесуді түсіну мен сөйлеушіні анықтау маңызды мәселелердің бірі. Ақылды колонкалар көбінесе бірнеше пайдаланушының сұхбатына қатысады, сондықтан жүйе әртүрлі дауыстарды да ажырата білуі керек [7]. Ақылды колонканың пайдаланушылық тәжірибесін жақсарту үшін тек тілдік өңдеу мен сөйлеу синтезімен ғана шектелмей, басқа да цифрлық қызметтермен интеграциялануы керек. Дауыстық командалар арқылы смарт-үй құрылғыларын басқару, музыка ойнату, еске салғыштар орнату, ауа райы туралы ақпарат алу және жаңалықтармен танысу мүмкіндігі қарастырылуы қажет. Бұл үшін сыртқы сервистермен үздіксіз API байланысын қамтамасыз ететін мықты серверлік инфрақұрылым қажет болады [4].

Қазақ тіліне бейімделген ақылды динамикті жасауда мәдени ерекшеліктерді ескеру аса маңызды. Қазақстанда жанама қарым-қатынас, сыпайылық стратегиялары және мәдениетке енген тұрақты тіркестер кең таралған [8]. Тағы бір маңызды мәселе – қазақ тілінің агглютинативті морфологиясы. Қазақ тілінде сөздер түрлі жұрнақтар мен қосымшалар арқылы өзгеріске ұшырайды, бұл дәстүрлі NLP модельдері үшін сөздердің мағынасын дәл болжауды қиындатады. Сондықтан қазақ тіліне арнайы морфологиялық талдаушылар мен синтаксистік талдауыштарды әзірлеу қажет [9].

Менталды модель қалыптастыру деңгейінің орташа балдары төменгі 2-суретте көрсетілген. Менталды модель – бұл адамның қоршаған әлемді, белгілі бір жүйені немесе процесті түсінуі мен ойша бейнелеу тәсілі болып саналады. Ол адамның жеке тәжірибесіне, білімдеріне және сенімдеріне негізделген когнитивтік құрылым болып табылады. Менталды модель – бұл миымыздағы «карта», ол бізге әлемді түсінуге және болжауға көмектеседі [10].




1.2-сурет – Әрбір шарт үшін менталды модель деңгейінің орташа балы [10]

Жүйенің диалогқа негізделген жұмысы – тағы бір маңызды ерекшелік. Дәстүрлі дауыс көмекшілері нақты ақпарат алу немесе ақылды үй құрылғыларын басқару үшін пайдаланушылардан белгілі бір командаларды орындауды талап етеді. Ал, неғұрлым жетілдірілген диалогқа негізделген жүйе табиғи әрі еркін өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Ол пайдаланушының мағынасын дұрыс түсініп, қосымша сұрақтар қойып, диалогты жалғастыра алады. Бұл үшін контексті есте сақтау және оны тиімді пайдалану қабілеті бар, дамыған AI-ға негізделген диалогтық модельдер қажет [11].

Ақылды динамик жүйесін Интернет заттарымен IoT үйлестіру арқылы пайдаланушылар дауыстық командалар арқылы ақылды үй құрылғыларын – қауіпсіздік камераларын, термостаттарды, жарықтандыру жүйелерін және ойын-сауық құрылғыларын басқара алады [11].

Смарт колонка жүйесінің тағы бір маңызды бөлігі – мәтінді сөйлеуге айналдыратын TTS (Text-to-Speech) синтез технологиясы. Бұл жүйе құрылғының жауаптарын табиғи дыбыста сөйлеуге мүмкіндік береді. Терең оқыту саласындағы жетістіктер жоғары сапалы TTS модельдерін әзірлеуге мүмкіндік берді, олар адамға жақын дауыс ырғағын, эмоцияларды және интонацияны жеткізе алады. Қазақ тіліне арналған сапалы TTS моделін жасау үшін ана тілінде сөйлейтіндердің кең ауқымды дауыс жазбалары қажет.

Сонымен қатар, WaveNet немесе HiFi-GAN сияқты нейрондық вокодерлерді қолдану синтетикалық дауыстың табиғилығын арттыра алады [6]. Ақылды динамиктің аппараттық құралдары назардан тыс қалмауы тиіс. Құрылғыда дауысты сапалы тану үшін жоғары сезімтал микрофондар орнатылып, олар шуылдың көптігіне қарамастан сөйлеуді дәл жазып алуы керек. Дыбысты тануды жетілдіру үшін шу басу және бағыттық дыбыс қабылдау технологиялары қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ, құрылғыда жасанды интеллектіні жергілікті өңдеумен бұлттық есептеуді үйлестіру

арқылы жауап беру жылдамдығын арттырып, деректер қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады.

Жүйені жасауда жергілікті ерекшеліктерді және мәдени бейімдеуді ескеру маңызды. Қазақ тіліндегі ақылды динамик мағыналы жауаптар беру үшін сөйлеу стилін, аймақтық ақпаратты және мәдени тұрғыдан өзекті білімдерді пайдалануы қажет.

Сонымен қатар, ол қазақ, ағылшын және орыс тілдері арасында еркін ауыса отырып, екітілді қарым-қатынасты қолдауы керек [12]. Бұл 3-суретте құрылғының әртүрлі диалог раундтарындағы немесе уақыт нүктелеріндегі жауап беру жылдамдығын көрсетеді. Жалпы алғанда, жауап беру уақыты төмен деңгейде сақталып, орташа есеппен шамамен 0,03 секундты құрайды, бұл ойыншының қабылдау кідірісі шегінен әлдеқайда төмен. Бұл әңгімелесудің бірқалыпты жүруін қамтамасыз етіп, ойыншыға дерлік нақты уақыттағы интерактивті тәжірибесін ұсынады [13].




1.3-сурет – Уақыт нүктелеріндегі жауап беру жылдамды [13]

Дауыс синтезі, мәліметтер тапшылығы және қауіпсіздік мәселелері сияқты қиындықтар болғанымен, ықтимал пайдасы әлдеқайда басым. Бұл жаңалық қазақтілді қауымдастықтың күнделікті өмірін жеңілдетіп қана қоймай, цифрлық инклюзивтілікті арттырып, тілдік мұраны сақтауға мүмкіндік береді. Қазақстан жергілікті AI (Artificial Intelligence) технологияларына инвестиция салу арқылы қазақ тілінде AI-мен қарым-қатынасты дамытуда жетекші рөл атқара алады [14].

Қазақ тілінде диалогқа негізделген ақылды колонка жүйесін жасау бірқатар технологиялық және практикалық қиындықтар тудырғанымен, оның цифрлық инклюзияны дамытуға айтарлықтай үлес қосу мүмкіндігі бар.

Жетілдірілген жасанды интеллект, сөйлеуді тану және IoT (Internet of Things) технологияларын пайдалану арқылы мұндай жүйе қазақ тілді пайдаланушыларға тілді және мәдени бірегейлікті сақтай отырып, күнделікті өмірді жеңілдететін ыңғайлы және тиімді дауыстық көмекшіні ұсынады [1].

Тіл мен сөйлеушіні өңдеудің интегративті моделінің схемалық көрінісі төменде көрсетілген. Жалпы бұл схемада Саі және т.б. 2017 ұсынған екі бағытты модельді кеңейтіп, айтылған тілді түсіну процесінде төменнен жоғарыға қарай жүретін перцептивті белсендіру мен жоғарыдан төмен күту арасындағы өзара әрекеттесуді күшейтуге үлкен назар аударады.




1.4-сурет – Тіл мен сөйлеушіні өңдеудің интегративті моделі [15]

Дауыс тану, табиғи тілдерді өңдеу, қауіпсіздік және көптілді қолдау мәселелерін шешу арқылы бұл жүйе қазақ тілінде сөйлейтін пайдаланушыларға арналған жоғары сапалы тәжірибе ұсына алады. Жасанды интеллект технологиясының дамуы арқылы тілдік кедергілер жойылып,

ақылды үй шешімдерін пайдалану анағұрлым қолжетімді және ыңғайлы болмақ [11].

## 1.2 Смарт колонкаларда қолданылатын жасанды интеллект модельдеріне шолу

Дауыстық командалар арқылы айналасымен өзара әрекеттесе алатын ақылды смарт құрылғылар заманауи үйлердің ажырамас бөлігіне айналды. Табиғи тілді өңдеу NLP мен жасанды интеллекттің AI қарқынды дамуы олардың функционалдығын едәуір жақсартты. Дегенмен, қазақ тілінде толыққанды жұмыс істейтін ақылды динамик жүйесін әзірлеу әлі толық іске асырылған жоқ. Бұл мақалада қазақ тілді ақылды динамик жүйесін жасау барысында ескерілуі тиіс негізгі технологиялық, лингвистикалық және қолжетімділік факторлары қарастырылған.

Apple HomePod, Google Nest және Amazon Echo сияқты ақылды динамиктер адам мен компьютер арасындағы өзара әрекеттесуді түбегейлі өзгертті. Бұл құрылғылар Alexa, Google Assistant және Siri сынды AI негізделген дауыстық көмекшілерді пайдаланып, нақты уақыттағы ақпарат ұсынудан бастап, ақылды үй құрылғыларын басқаруға және еске салғыштарды орнатуға дейін түрлі функцияларды орындайды. Әртүрлі пайдаланушылар тобының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жергілікті тілдерге қолдау көрсету сұранысы артып келеді, бұл ақылды динамик нарығының жаһандық деңгейде айтарлықтай өсуіне ықпал етті [16].

Жетілдірілген жасанды интеллект, сөйлеуді тану және IoT технологияларын пайдалану арқылы мұндай жүйе қазақ тілді пайдаланушыларға тілді және мәдени бірегейлікті сақтай отырып, күнделікті өмірді жеңілдететін ыңғайлы және тиімді дауыстық көмекші ұсына алады [1]. Дауыстық пайдаланушы интерфейстері VUI (Voice User Interface) және жасанды интеллект AI арқылы жұмыс істейтін бұл құрылғылар қолсыз смарт-үй құрылғыларын басқаруға, үздіксіз байланыс орнатуға және жекелендірілген қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Алайда, қазіргі нарықта ағылшын, испан сияқты кең таралған тілдерде сөйлейтін дауыстық көмекшілер басым болып, көптеген лингвистикалық азшылықтарға жеткілікті деңгейде қызмет көрсетілмей келеді. Осы тұрғыда, қазақ тілін қолдайтын ақылды динамик жүйесін әзірлеу бірқатар мүмкіндіктер мен қиындықтар ұсынады [10].

Қазақ тіліндегі ақылды колонканы жасау – жаһандық деңгейде ана тілдерді цифрлық дәуірге бейімдеудің жарқын үлгісі бола алады. AI негізіндегі диалогтық жүйелерді жетілдіру, табиғи тілді өңдеу қабілетін арттыру және лингвистикалық пен техникалық мамандардың ынтымақтастығын күшейту арқылы мықты ақылды колонка экожүйесін қалыптастыруға болады. Бұл қазақ тіліндегі цифрлық өзара әрекеттесуді ыңғайлы әрі қолжетімді етіп қана қоймай, жасанды интеллект дәуірінде тілдік және технологиялық инклюзияны

кеңейтудің маңызды қадамы болмақ деп ескерсек болады [5]. Жасанды интеллект үлгілері дамыған сайын, толық функционалды, диалогқа негізделген қазақ тіліндегі ақылды колонка жасау мүмкіндігі артып, қазақтілді қауымдастықтың цифрлық кеңістікке қатысуын кеңейтетін жаңа перспективалар ашылуда [7].

Мақаламен толығымен танысып, жасанды интелект арқылы команда беріп зертханалық жұмыс жасағаның байқауға болады. Мысалы, құрылғыны орнату әртүрлі материалдық құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылады: Google Home, Hector 2023 смартфон қосымшасы, оның көмегімен смарт динамик телефонға қосылады, және құрылғымен бірге келген баспа нұсқаулығы орнату қолайлы.

Тұрмыстық жағдайда орнату процесінде анасы смартфон қосымшасы арқылы нақты нұсқауларды орындай отырып, үйлестіру әрекеттерін атқарады. Қосымшадағы нұсқаулар жазбаша цифрлық мәтін түрінде берілгендіктен анасы құрылғыны оңай түсіне алады. Сонымен қатар, анасы құрылғының нұсқауларын орындай отырып, баласына қозғалыстарымен үлгі көрсетеді, өйткені бала әлі оқып-жаза алмайды.

Құрылғы орнатылғаннан кейін үш күн өткен соң, анасы смарт динамикті қонақ бөлмеге орналастырады. Сол кезде бала ас үстелінде отырып, сурет салып отырады. Анасы телефонды үстелдің алдына қойып, баланың смарт динамикпен қарым-қатынасын видеоға түсіреді. Айта кететін жайт, бұл уақытта смарт динамиктің үйде тұрақты орны болмаған. Сондықтан құрылғы, әсіресе сатып алынғаннан кейінгі алғашқы апталарда, үй ішінде адамдардың қозғалысына байланысты жиі орын ауыстырып отырған. Анасы түсірген видео 38 минут 37 секундқа созылған зерттеу видеосынан үш нақты сәт қарастырылады. Бұл сәттер анасы мен баласының өзара үйлесімді әрекеттерін көрсетеді және баланың смарт динамикке қалай команда беруді тәжірибелік түрде түсінуіне ықпал етеді, құрылғымен сәтті өзара әрекеттесу үшін бала нақты лексика-грамматикалық және ретті ұйымдастырылған құрылымды қолдануы қажет.

Бұл жағдайда анасы смарт динамикті электр желісіне қосады, содан кейін құрылғы бірден келесі дыбыстық хабарламаны шығарады: «Микрофон қайта қосылды». Алайда, бұл дыбыстық хабарлама баланың бастапқыда ешқандай физикалық реакциясын тудырмайды. Ол сурет салуын жалғастырып, қағазына назарын шоғырландырады 5-суретті қараңыз.

Анасы смарт динамиктің дыбыстық хабарламасына жауап ретінде: «Ах, қарашы, ол оянды» деп айтады. Осы байқау арқылы анасы құрылғыны әлеуметтік агент ретінде сипаттайды, өйткені ол үшінші жақтағы «ол» есімдігін қолдана отырып, құрылғыға тұлғалық сипат береді. Анасының бұл сөзі баланың назарын суреттен смарт динамикке аударуға итермелейді.Қыздың назарын құрылғыға аударғаннан кейін, анасы оның өзара әрекеттесуін бағыттап: «Ханна, сен оған не айтқың келеді? Google құрылғысына?» деп сұрайды. Бұл сөйлемнің бірінші бөлігінде анасы құрылғыны әлеуметтік агент ретінде сипаттайды, бірақ екінші бөлігінде оны

механикалық құрылғы ретінде атап, өз сөзін түзетеді. Анасы құрылғыны бір сәтте әлеуметтік агент ретінде қарастырады, бірақ кейін оны машина ретінде сипаттауға түзету енгізеді. Оның мақсаты – қызының құрылғыны адам емес, техникалық құрал ретінде қабылдауына көз жеткізу болды.

Жауап ретінде Ханна телефонына қарап, содан кейін қайта қағазға назар аударады да: «Google, менің сүйікті әнімді қос» деп айтады. Оның сөйлем құрылымы баланың смарт динамикпен қалай әрекеттесу керектігін түсіне бастағанын көрсетеді, өйткені ол бұйрық сөйлемін («менің сүйікті әнімді қос») қолданады [8].


1.5-сурет – Смарт динамикпен әрекеттесу [8]

Ханнаның айтқан сөздерін бақылап, анасы сәл күлімсірейді, бұл Ханнаның өз бұйрығына күле қарауына себеп болады. Анасы осы сәтті пайдаланып, баласына смарт-динамикке қалай дұрыс жүгіну керектігін үйретеді. Шамамен 16 минут бойы Ханна сурет салып, құрылғыдан өзіне ұнайтын әндерді тыңдады. Кенеттен, құрылғының дауысы француз тіліне ауысты, бұл Ханна үшін түсініксіз болды. Ол дыбыстың өзгергенін байқап, құрылғыны өшіруді ұйғарды. Солайша сурет салып отырған Ханна смарт құрылғыға, «Тоқта» деп айтады 6-суретте бейнеленге [8].


1.6-сурет – Смарт динамикті тоқтату бейнесі [8]

Орнату кезеңінде, екі күн бұрын, анасы «Google Home» смартфон қосымшасы арқылы құрылғымен байланыс орнатып, берілген нұсқауларды орындайды. Құрылғыға «Окей, Google» сөзін айту арқылы команданы қалай беру керектігі мен танысады, сондай-ақ құрылғыдан музыка ойнатуды сұрап, функцияны тексеруге мүмкіндік беріледі.

Осылайша анасы Ханнаның назарын құрылғыға аударып: «Қарашы, құрылғы сен үшін ән ойнап жатыр», – дейді. Ханна анасының сол қолында ақылды динамикті, ал оң қолында телефонды ұстап тұрғанын көріп, құрылғыға жақындайды. Анасы Ханнаны құрылғымен әрекеттесуге шақырып, «тоқта» деп айтуын сұрайды. Сол сәтте Ханна «тоқта» деген сөзді айқын дыбыстап, оған сәйкес қимыл жасайды 1.7-суретті қарасаңыз болады.




1.7-сурет – Анасы мен Ханнаны смарт құрылғымен әрекеттесуі [8]

Дегенмен, оның сөйлеуі мен қимылы музыка тоқтауына әсер етпеген соң, Ханна құрылғыға толық назарын аударады. Ол алға еңкейіп, қолдарын құрылғының үстіне қояды және сол сәтте тағы да «тоқта» дейді. Бірақ ешқандай өзгеріс болмайды.

Нәтижесінде, Ханна бірнеше рет «тоқта» деп қайталап, ақылды динамикке бұйрық беруді үйренді. Бұл оның құрылғының қалай жұмыс істейтінін толық түсінгенің анық көрсетеді [8].

## 1.3 Дыбысты тану және табиғи тілдерді өңдеу (NLP) технологиялары

Табиғи тілдерді өңдеу NLP үлгілері үшін бұл ерекшеліктер үлкен қиындықтар тудырады, әсіресе алдын ала белгіленген фонетикалық құрылымдар мен грамматикалық ережелерге сүйенетін жүйелер үшін. Ағылшын тілінде мағына негізінен сөз тәртібі арқылы анықталса, қазақ тілінде морфемалар мен жалғаулар маңызды рөл атқарады, бұл дәлме-дәл сөйлеу синтезі мен тану үшін күрделі морфологиялық талдауды қажет етеді.

Қазақ тіліндегі сөйлеу технологиясының болашағы үшін табиғи тілдерді өңдеу, терең оқыту және адам-компьютер әрекеттестігі салаларында одан әрі зерттеулер жүргізу қажет. Тіл мамандары, AI зерттеушілері және бағдарламалық жасақтама инженерлерінің ынтымақтастығы қазіргі кедергілерді еңсеріп, технологиялық жағынан озық әрі мәдени ерекшеліктерді ескеретін ақылды динамик жүйесін жасауға көмектеседі. Қазақ тіліндегі ақылды динамик жүйесін әзірлеу – тек қазақ тілін ғана емес, аз таралған басқа

да тілдерді цифрлық кеңістікте сақтауға және дамытуға мүмкіндік беретін маңызды қадам болып табылады [2].

Диалогты басқару – әңгіменің әрі мәтінге сай өрбуін қамтамасыз ететін маңызды элемент. Дәстүрлі диалогтық жүйелер құрылымдалған өзара әрекеттесуді ережеге негізделген логика арқылы басқарады, ал машиналық оқытуға негізделген әдістер икемді әрі динамикалық жауаптар ұсынуға қабілетті. Генеративті модельдер мен күшейтілген оқыту әдістерін қолдану жауап сапасын жақсарта отырып, ақылды динамиктің пайдаланушымен мағыналы әрі мәнмәтінге сәйкес әңгіме жүргізуіне мүмкіндік береді [17].

Қазіргі заманғы бұлттық есептеулер, машиналық оқыту және табиғи тілді өңдеу қазақ тіліндегі ақылды динамик әзірлеуге берік негіз қалайды. Google-дың TensorFlow, OpenAI-дың Whisper моделі және Mozilla-ның DeepSpeech секілді ашық кодты платформаларын пайдалану әзірлеу процесін жеделдетуі мүмкін. Сонымен қатар, жүйені жетілдіру және оның сапасын жақсарту үшін лингвист мамандармен, жасанды интеллект зерттеушілерімен және ана тілді қолданушылармен ынтымақтастық орнату өте маңызды [9].

Ақылды динамиктің аппараттық құралдары да назардан тыс қалмауы тиіс. Құрылғыда дауысты сапалы тану үшін жоғары сезімтал микрофондар орнатылып, олар шуылдың көптігіне қарамастан сөйлеуді дәл жазып алуы керек [12]. Дыбысты анық және сапалы шығаратын динамиктер, энергияны үнемдейтін процессорлар және сөйлеуді дәл жазып алуға арналған көпмикрофонды массивтер – барлығы пайдаланушы тәжірибесін жақсартуға ықпал етеді [3].

Жасанды интеллекттің AI бір саласы болып табылатын табиғи тілдерді өңдеу NLP компьютерлер мен адам тілі арасындағы өзара әрекеттестікті зерттейді. Ол машиналардың адам тілін түсіну, талдау және мағыналы, контекстке сәйкес мәтіндер жасауына мүмкіндік беретін модельдер мен алгоритмдерді әзірлеуді қамтиды.

Табиғи тілдерді өңдеу NLP аясында сөйлеуді тану, машинамен аудару, көңіл-күй талдауы және мәтінді қысқарту сияқты түрлі міндеттер орындалады. Лингвистика, машиналық оқыту және терең оқыту әдістерін қолдана отырып, NLP жүйелері үлкен көлемдегі мәтіндік деректерді өңдеп, талдай алады, бұл адам мен компьютер арасындағы өзара әрекеттестіктің күрделірек болуын қамтамасыз етеді. Табиғи тілдерді өңдеп NLP технологиясы дамыған сайын, ол денсаулық сақтау, қаржы, ойын-сауық және тұтынушыларға қызмет көрсету сияқты салаларды түбегейлі өзгертіп, шынайы өмірдегі мәселелерге инновациялық шешімдер ұсынып, пайдаланушы тәжірибесін жақсартуда [26].

1.8-сурет – Табиғи тілді тану өңдеу NLP [7]

Ақылды колонка жүйесінің тағы бір маңызды бөлігі – мәтінді сөйлеуге айналдыратын TTS синтез технологиясы. Бұл жүйе құрылғының жауаптарын табиғи дыбыста сөйлеуге мүмкіндік береді. Терең оқыту саласындағы жетістіктер жоғары сапалы модельдерін әзірлеуге мүмкіндік берді, олар адамға жақын дауыс ырғағын, эмоцияларды және интонацияны жеткізе алады [6].

Табиғи тілді өңдеуге мысал келтіретін болсам NLP, немесе табиғи тілге түсінік, олар берілген мәтіннің мағынасын түсінуге талпынады. Табиғи тіл немесе мәтіндегі әрбір сөз NLP мәлім болуы тиіс. Сол себептен NLP құрылымын түсіну үшін табиғи тілдегі лексикалық, синтаксистік және т.б. көпмағыналарды алып тастауға талпынады. Жалғасынша әр сөйлемнің мағынасы лексика және граматикалық ережелер бойынша қабылданады.

Табиғи тілдің генерациясы ол автоматты түрде құрылымдық мәліметтерді мәтінмен немесе сөйлеммен танысып жасайды. Табиғи тілдің генерациясының мәселесін шешу өте қиын. Бұл табиғи тілді генерациялаудың NLP ішкі бөлімі болып табылады және үш ұсынылған кезеңге бөлінеді. Мысалы: мәтінді жоспарлау, сөйлемді жоспарлау, іске асыру болып бөлінеді. Осылайша төменде көрсетілген 9-сурет мәтінді интеллектуалды талдау мен табиғи тілді өңдеу арасындағы айырмашылықты толыққанды түрде бейнеленген [19].




1.9-сурет – Интеллектуалды талдау мен табиғи тілді өңдеу арасындағы айырмашылық [14]

Осылайша қазақ тілінде жұмыс істейтін және диалогқа негізделген өзара әрекеттесуді қолдайтын ақылды смарт құрылғы – технологиялық дамуға және цифрлық теңдікке қарай жасалған маңызды қадам. Жасанды интеллект пен IoT технологияларының дамуы арқылы тілдік кедергілер жойылып пайдалану анағұрлым қолжетімді және ыңғайлы болмақ [11].

### 1.4 Әмбебап дауыстық ассистенттермен үйлесімділік

Қазіргі уақытта Google Assistant, Alexa, Siri және Cortana сияқты дауыстық ассистенттер қолданушылармен табиғи тілде қарым-қатынас жасап, әртүрлі тапсырмаларды орындай алады. Google Assistant дауыстық командалар арқылы ақпарат іздеп, еске салғыштарды орнатып, Spotify арқылы музыка ойнай алады. Сондай-ақ, ол ақылды құрылғылармен бірігіп, үйдегі жарық пен температураны басқаруға мүмкіндік береді [20]. Google Assistant – бұл өміріңізді жеңілдететін ақылды көмекші, Google Allo хабар алмасу қосымшасында және Android Wear құрылғыларында (мысалы, ақылды сағаттарда) жұмыс істейді. Google Assistant бірнеше тілде қолжетімді, соның ішінде ағылшын, неміс, хинди, жапон және португал тілдерінде. 1.10-суретте осы көмекші орнатылған Google Home ақылды колонкасы көрсетілген.

1.10-сурет – Google Home ақылды колонка [20]

Amazon Alexa дауыстық сұрауларға жауап беріп, интернет-дүкеннен тапсырыс жасауға, кітаптарды оқып, тіпті ақылды үй жүйелерімен бірігіп жұмыс істеуге қабілетті. Ол Amazon Echo, Fire, Tap сияқты құрылғыларда қолданылады. Apple Siri интернеттен ақпарат іздеп қана қоймай, мейрамханалардан орын брондау, электрондық хаттарды басқару және қоңырауларды ұйымдастыру сияқты көптеген тапсырмаларды атқара алады.

Siri әсіресе iPhone, iPad, Apple TV құрылғыларымен тығыз байланысты және HomeKit қосымшасы арқылы ақылды үй құрылғыларын басқаруға мүмкіндік береді. Microsoft Cortana да онлайн іздеуді жүзеге асырып, электрондық хаттарды дауыстық диктовка арқылы жазуға көмектеседі және математикалық есептерді шешуге қабілетті. Ол Windows 10, Android, Xbox One және iOS жүйелерінде жұмыс істейді. Барлық осы ассистенттер қолданушыларға дауыстық командалар арқылы әлеуметтік желілерді бақылауға көмектеседі, бірақ олар әлеуметтік желілердегі хабарламаларды автоматты түрде басқаруға әлі толықтай бейімделмеген. Дегенмен, Google Assistant пен Amazon Alexa әзірлеушілерге өз платформалары үшін API ұсынып, ассистенттердің мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашады. Сондай-ақ Amazon Alexa ағылшын және неміс тілдерінде қолжетімді. 1.11-суретте осы көмекші орнатылған Amazon Echo ақылды колонкасы көрсетілген.

1.11-сурет – Amazon Echo ақылды динамигі [20]

Бұл жүйелердің ең басты артықшылықтары – музыка ойнау, ауа райын тексеру, күнтізбе мен еске салғыштарды реттеу және ақылды үй құрылғыларын басқару. Ал электрондық хаттарды оқу және жіберу функциясы тек Siri мен Cortana-да қарастырылған. Барлық ассистенттерде ойын ойнау мүмкіндігі бар, бірақ Cortana басқа қолданушылармен бірге онлайн ойын ойнауға мүмкіндік береді. Жалпы, қазіргі әмбебап дауыстық ассистенттер күнделікті өмірді айтарлықтай жеңілдетіп, көптеген тапсырмаларды автоматтандыруға мүмкіндік береді, әсіресе ақылды үй жүйелерімен біріктірілгенде олардың пайдасы арта түседі [21].

Дауыстық ассистенттер, Google Assistant, Alexa және Siri, бүгінде адамдардың күнделікті өмірінде маңызды орын алуда. Олар, әсіресе, көру қабілеті шектеулі адамдар үшін үлкен көмекші құралға айналған. Бұл технологиялардың басты артықшылығы – олардың қарапайымдылығы мен қолжетімділігі. Пайдаланушылар оларға дауыспен тапсырма бере отырып, хабарламалар жібере алады, қажетті ақпаратты оңай табады немесе ақылды үй құрылғыларын басқара алады. Көп жағдайда экранды пайдалану қиын немесе мүмкін емес болғанда, дауыстық ассистенттер таптырмас көмекшіге айналады. Дегенмен, олардың жұмысы әрдайым мінсіз бола бермейді.

Көптеген пайдаланушылар қоғамдық орындарда немесе шу көп жерде дауыстық командалардың дұрыс танылмауы жиі кездесетін мәселе болып келеді. Бұл әсіресе Siri-ге қатысты көп айтылатын мәселе. Ал Google Assistant пен Alexa күрделі командаларды түсінуде біршама жетілдірілген [20].

Apple Siri – бұл сіздің дауысыңызды түсініп, тапсырмаларды орындайтын ақылды көмекші. Ол интернеттен қажетті ақпарат тауып,электрондық поштаны басқарып, қоңырау шалуға көмектеседі. Siri iPhone, iPad және Apple TV құрылғыларымен толық үйлесімді жұмыс істейді. Сонымен қатар, Home қосымшасы арқылы жарықты, термостатты, есік құлыптарын және басқа да ақылды үй құрылғыларын басқаруға мүмкіндік береді. Siri бірнеше тілде, соның ішінде ағылшын, француз, испан, жапон, мандарин, португал және басқа да тілдерде қолжетімді. 1.12-суретте iPhone құрылғысында іске қосылған Siri көрсетілген [21].




1.12-сурет – IPhone құрылғысында іске қосылған Siri [21]

Қоғамдық ортада ассистенттерді пайдалану кейбір адамдарға ыңғайсыздық тудырады, себебі жеке ақпараттың сыртқа тарап кету қаупі бар. Сондықтан көптеген қолданушылар бұл мәселені шешу үшін құлаққап арқылы пайдалануды жөн көреді. Тағы бір маңызды мәселе – көрінетін кері байланыстың жетіспеуі. Мысалы, Amazon Echo сияқты құрылғылар түрлі жарық сигналдары арқылы белгілі бір әрекеттерді көрсетеді, бірақ көру қабілеті шектеулі адамдар үшін бұл ақпарат қолжетімсіз. Осыны ескеріп, мұндай визуалды белгілерді дыбыстық немесе тактильді кері байланыспен алмастыру қажет.

Жалпы, дауыстық ассистенттер көп адамға көмектесіп жатқаны сөзсіз, бірақ оларды одан әрі жетілдіру қажет. Қолданушылардың әртүрлі

қажеттіліктерін ескеріп, интерфейстерді ыңғайлы ету арқылы бұл технологиялар әлдеқайда пайдалы бола түспек [21].

### 1.5 Қазақ тіліне бейімделген дауыстық ассистенттердің ерекшелігі мен модельдерді оқыту әдістеріне шолу

Қазақ тіліндегі ақылды колонканың басты қолданылу салаларының бірі интернет қызметтері мен ақылды үй құрылғыларымен біріктіру. Мұндай құрылғы командалар арқылы күнделікті тапсырмаларды орындауға, үй автоматикасын басқаруға және ақпарат іздеуге көмектесе алады. Сонымен қатар, қазақ тілін үйренуге арналған интерактивті сабақтар мен дұрыс айтылу бойынша кері байланыс беру мүмкіндігі қазақ тілінің қолданылуы мен сақталуына ықпал етеді [6]. Қазақ тілінде ақылды динамик әзірлеудегі басты мәселелердің бірі – көлемді және сапалы тілдік деректердің жетіспеуі. Кейбір тілдерде машиналық оқыту модельдерін оқыту үшін кең корпустар қолжетімді болғанымен, қазақ тілі үшін мұндай дереккөздер аз. Бұл мәселені шешу мақсатында зерттеушілер кітаптардан, жаңалықтар мақалаларынан және әлеуметтік желілерден алынған мәтіндер мен сөйлеу мәліметтерін жинап, аннотациялап келеді. Leipzig Corpora Collection және қазақша веб-деректерді жинау жобалары қазақ тіліне арналған тілдік модельдерді дамытуда айтарлықтай жетістіктерге жетті.

Қазақша мәтінді өңдеуді жақсартудың тағы бір маңызды аспектісі – қателерді түзету алгоритмдерін жетілдіру. Қазақ тілінің күрделі морфологиясына байланысты түзету алгоритмдері жоғары икемділікке ие болуы керек. Бұл бағытта дәстүрлі әдістер – Левенштейн қашықтығы және фонетикалық ұқсастық негізіндегі түзетулер қолданылып келеді. Ал неғұрлым жетілдірілген тәсілдер – мәтіндік контекстке сүйене отырып қателерді болжау және түзету үшін нейрондық желілерге негізделген тілдік модельдерді пайдалануды қамтиды [22].

